




ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ



**«ҚАЗАҚ КІТАБЫ:  
АЛАШ ҚАЙРАТКЕРЛЕРІНІҢ КІТАП БАСУ  
ІСІНІҢ ДАМУЫНА ҚОСҚАН ҮЛЕСІ»**  
атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция  
**МАТЕРИАЛДАРЫ**

**МАТЕРИАЛЫ**  
международной научно-практической конференции  
**«КАЗАХСКАЯ КНИГА: ВКЛАД ДВИЖЕНИЯ АЛАШ  
В РАЗВИТИЕ КНИГОИЗДАТЕЛЬСКОГО ДЕЛА»**

МАЗМУНЫ:

ПЛЕНАРЛЫҚ МӘЖЛІС

Қойгелдиев М. Алаш қайраткерлерінің азаттық идеологиясын қалыптастыру қызметі.....	3
Әбжанов Х. Алаш және кітап әлемі.....	7
Медеубек С. Ахмет Байтұрсынұнов анықтаған «Шешенсөз» аталымының мәні мен айқындамасы.....	9
Қамзин К. Ұлттық журналистика теориясының төлбасы.....	12
Тамір F. Ахмет Байтұрсынұлы dayındaǵан оқуwlıq: оқуw quralı.....	16
Мектеп-тегі А. Көсем ойдың көрігі немесе бәдізделген бітік тас – руханияттың тамыры, өркениеттің тұғыры.....	18
Ғарифолла Ә. Ағартушы Халел Досмұхамедұлының оқулықтары хақында.....	21
Барлыбаева Г. Ахметолла Барлыбаев – просветитель, видный деятель движения «Алаш».....	27
Смағұлова С. Ұлт зиялыларының баспа ісіндегі ролі және оқулықтары.....	31

1 – СЕКЦИЯ

АЛАШ ҚАЙРАТКЕРЛЕРІ ДАЙЫНДАҒАН ОҚУЛЫҚТАР:  
МӘНІ МЕН МАҢЫЗЫ

Ахметова Л., Григорьев В. Жизнь и творчество ахмета байтұрсынова: достижение цели, обретение государственности.....	36
Шаймарданов Р. Этническая история народа манси. Первые буквы.....	51
Соегов М. Об одной туркменской старопечатной книге с автографом – дарственной надписью и некоторых других изданиях начала XX века.....	54
Рамазан А., Батырханова Ж., Саяқбаева Г. «Ярдам» баспаханасы: тарихы мен тағлымы.....	58
Каримов Т. Из истории казахско-татарских книгоиздательских связей.....	61
Мухатаева Қ. Кітап басу ісінің дамуында Сұлтанмахмұт Торайғыров шығармалары.....	65
Мұқанов Қ. Абылай қажы Рамазанов – Алаш қайраткері.....	68
Нұрымбетова Г. Алаш зиялылары және оқу-ағарту мәселелері.....	71
Асылханов Е. Міржақып Дулатов пен Павел Флоренскийдің сабақтас ойлары.....	74
Смағұлова А. Алаш мұраты және Семей баспасөзі.....	75
Абуов Н. Вопросы развития просвещения и духовности в степи.....	77
Муканова Г., Солтанаев С. Научно-методическая школа «Алаш» и задачи «Рухани жаңғыру»: сопоставительный анализ.....	80
Куантайұлы Н., Мергенбаева Қ., Батырханова Ж. Жүсіпбек Аймауытұлының белгісіз қолжазбалары (Жазушының Шымкент шығармашылық кезеңі негізінде).....	84
Әшірбаев Б., Әшірбаева Г. Алаш баспасөзіндегі сөз бостандығының көрінісі.....	87
Жанабаев К. Структура и функция астрального тюркского мифа в рассказе М.Жумабаева «Грехопадение Шолпан».....	91
Шашаев А., Селкебаева А. Қазақ зиялыларының қоғамдық негіздегі ұйымдар арқылы жүргізген ағартушылық қызметтері.....	97
Тілепберген А. Алаш қайраткері Батырбек Әлжановтың редакторлық қызметі.....	100
Ақынбекова А. «Темірқазық» журналы және Әлихан Бөкейханов.....	102
Әубәкірова Қ. Цензура және көркем әдебиет (Жүсіпбек Аймауытұлы аудармалары негізінде).....	107
Мырзағали А. «Күншығыс» баспасында жарық көрген Қазақ кітаптары.....	109
Көлжігіт А. Алаш зиялыларының баспа ісіне қосқан үлесі.....	114
Кузенбай А. Герои Алаша: казахская интеллигенция и книга.....	116
Русланқызы Д. Нәзір Төрекұлұлының әдеби-ғылыми мұрасы және баспагерлік-редакторлық қызметі.....	119

2 – СЕКЦИЯ

АЛАШ ЗИЯЛЫЛАРЫНЫҢ КӨРКЕМ ШЫҒАРМАЛАРЫ МЕН АУДАРМАЛАРЫНЫҢ  
ҰЛТ РУХАНИЯТЫНДАҒЫ ОРНЫ

Дудинова Е. Алаш как духовный концепт национального единства: современный медиадискурс.....	121
Құрманбаева А. «Айқап» журналындағы саяси-идеялық көріністер.....	123
Бимаканова З. Алаш зиялыларының жастарға арнап шығарған еңбектеріндегі мәселелері.....	125
Батырханова Ж., Муканова Г., Серикбай Б. Иллюстрация учебников: история и современные методические принципы.....	128
Шуриштыбай М. «Алаш» партиясы бағдарламасындағы саяси-әлеуметтік идеялар.....	131
Рушанова Н. Алаш зиялыларының рухани сананы қалыптастырудағы әлеуметтік-философиялық көзқарастары.....	133



9. Аманжолова Д.А. Языковая политика и культура управленцев казахской АССР. 1920-1936 гг. // Российские регионы: взгляд в будущее. 2016. №2 (7). URL: <https://cyberleninka.ru/article/n/yazykovaya-politika-i-kultura-upravlentsev-kazahskoy-ssr-1920-1936-gg> (дата обращения: 05.10.2018).

**Нұржан ҚУАНТАЕВ,**  
филология ғылымдарының кандидаты, доцент  
**Қарлығаш МЕРГЕНБАЕВА,**  
аға оқытушы  
**Жазира БАТЫРХАНОВА,**  
аға оқытушы  
Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ

### **ЖҮСІПБЕК АЙМАУЫТҰЛЫНЫҢ БЕЛГІСІЗ ҚОЛЖАЗБАЛАРЫ** (Жазушының Шымкент шығармашылық кезеңі негізінде)

1926 жылдың июнінде Жүсіпбек Аймауытұлы Шымкент қаласына ауысып, ондағы Сырдария губерниялық Қазақ педтехникумы мен ауыл шаруашылық техникумына оқытушы болып қызметке тұрады [1]. Негізгі жұмыс орны педтехникум болған. Үйткені, архив құжаттарының көрсетуінше, қаламгер Шымкенттегі Қазпедтехникумнің 1926 жылғы 2-июніндегі №2442 арнайы шақырту бойынша келіп, №74 бұйрықпен қызметке кіріскен [2].

Сол жылдары педтехникум директоры С.Садықбеков, ауыл шаруашылық техникумының директоры Ә.Ерімбетов болыпты [3]. Жүсіпбек Аймауытұлы техникумдермен қатар аймақтық курстерге де дәріс оқыған көрінеді [4].

Ресми түрде 1920 жылдың 20-сентябріне ашылған Сырдария педагогикалық техникумын 1925/26 оқу жылында 9 адам бітірген екен [5]. Сол кездегі директоры Е.Садықбеков пен оқу бөлімінің меңгерушісі А.Шемелевтің 1925/26 оқу жылына арнап губерниялық оқу бөліміне берген ұзақ есебінде техникумның материалдық жағдайы тәуір еместігі, 10-12 мың сомға жөндеу жұмысы жүргізілуі керектігі, оқытушылардың еңбекақысы төмен екендігі, сол себепті қосымша жұмыс іздеуге мәжбүр болатыны, курсанттарға азық-түлік, киім-кешек жетіспейтіні айтылады [6].

Осы есептен мынадай жолдарды оқуға болады: «2) Драма үйірмесі жетісіне бір рет, бейсембі сайын кешкі 7-ден жұмыс істейді. Үйірме жұмысы: мәнрлеп оқу, ән салу, декламация, әңгіме айту, инсценировка. Орталық жұмысшылар клубында 2 рет тегін спектакль, концерт қойылды. Оның бірі Қазан оқиғасын мерекелеуге орай қолға алынған. «Рәбиға» пьесасы қойылды және үлкен табыспен өтті. Қойылым пьесаның авторы Аймауытовтың өзінің (техникум оқытушысы) тікелей жетекшілігімен болды».

Міне, осы сөйлемдерді оқи отырып, Жүсіпбектің қайда жүрсе де, әдебиеттен, баспасөзден, өнерден қол үзбейтін қажырлы, қуатты жан болғанын тағы бір рет аңдауға болады. Сондай-ақ оның осындай пьесаларының жер-жерде қойылып жүргенін де еске алған жөн. Мәселен, 1927 жылы Қызылордадағы «мемлекет театрында бүгін, пейбралдың 17-і, бейсембі күні Жүсіпбектің «Шерниязы» қойылады. Белет деп жазады 12500 данамен тараған «Еңбекші қазақ» газеті.

Техникумде үш үйірме болса, драма үйірмесін Жүсіпбек жүргізгенін байқадық, ал үрлемелі музыка оркестрін құруға мұрындық болған музыка үйірмесіне А.Посейпал жетекшілік етсе керек. Оны «Бардың жоғы болмайық» деген мақаласында Аймауытұлының өзі былай деп жазады: «Ондай аспапты төрт жылдан бері соңына түсіп, үйреніп шыққан қазақтың балалары бар... Бұларды үйретуші кім жоқ, жазбайтын ән-күйі жоқ... Затаевичтің жазған ән-күйлерін әркестрге тартқызып жүр. Өзі музыкаға берілген, жаны да музыка, адамшылығы да зор жігіт. Затаевичтен соңғы бір мақтаулы еңбектің ері – осы».

Әріптесі жөнінде көсемсөзші ағынан жарылып, мақтаулы пікір айтып қана қоймайды, болса, соған үйретуші, басшы қылу керек деймін» деп ұтымды ұсыныс жасайды. Бұл арада қазақ мәдениетін жоғары сатыға көтеруге жастайынан ұмтылған Жүсіпбектің театр үшін үрлемелі оркестрдің де керек екендігін айтып, құлаққағыс қылуды ұмытпағанына сүйсінуге болады.



Бұл жылдары (1927–1929) оның сонымен қатар «Оқытушылар мен кәсіпшілер қозғалысы», «Жаңа әліпті тез үйрету жолы», «Жаңа әліпби қозғалысы», «Қазақстан ағарту қызметкерлерінің III съезіне», «Құтты болсын», «Тілшілер не жазу керек» және т.с.с. бірқатар мақалалары жарық көрген.

Шымкенттегі педтехникумда сабақ берген он жеті оқытушының үшеуі ғана қазақ екенін, соның бірі Жүсіпбек Аймауытұлы болғанын айта кеткен артық болмас. Июнь айында қызметке алынған ол Сырдария губерниялық оқу бөлімінің 1926 жылғы 16-сентябрьдегі №96 бұйрығы бойынша жаңа оқу жылында жұмысқа кіріседі. Білікті педагог өз бойындағы білім мен тәжірибені шәкірттерімен бөлісіп, техникумдегі қызметіне де жауапты қараған. Мәселен, 1927/28 оқу жылында қазақ тілі мен әдебиетінен және Мемлекеттік оқу кеңесінің (ГУС) бағдарламасы бойынша қазақ тілі әдісінен дәріс оқыған Аймауытұлының жылдық оқу сағаты 316 болыпты. Оның 33-ін сырқаты бойынша өткізе алмағаны болмаса, сабағына еш кешікпеген. 1928-29 оқу жылында 648 сағаты болған екен.

1927-28 оқу жылында Жоспарлау комиссиясының қаулысы негізінде педтехникумның директоры болып Ж.Нұрбеков тағайындалады [7]. Бұл жігіт – 1927 жылы Ташкенттегі Қазақ институтын бітірген, мұғалімдік стажы үш жыл ғана болған, ВКП(б) мүшелігіне өткен, Жүсіпбектің өзінің шәкірті екен/8/. Мұны мысалға келтіріп отырған себебіміз – совет өкіметінің қырағы басшылары мен арнаулы мекемелерінің бір кезде Алаш Орда баспасөзінде қызмет еткен қазақ зиялыларына жоғары лауазымды қызмет бермегеніне оқырманның көзін тағы бір мәртс жеткізу.

Бірқатар зерттеулерде Аймауытұлының Сырдария педтехникуміне директор болған деген жаңсақ мәлімет бар [9], архив құжаттары оны теріске шығарып отыр.

Жүсекең 1926 – 1928 жылдары Шымкентте тұрып жатқанда сол шаһарда оқып жүрген көкөрім қазақ балалары оның қасынан табылады екен. «Ол жас қауым үшін өте сүйкімді жан болды» деп еске алады кейін, 1987 жылы қарт ақын Әбділда Тәжібаев. Бауыржан Момышұлы екеуі бозбала күндерінде Мұратбаев атындағы интернатта қатар тәрбиеленген екен, сол жылдары Жүсіпбектің көзін көрген жастардың бірі – осы кісілер. «Техникумнан босаған кезінде Аймауытов біздің оқушыларға да соғып, кездесіп, істеп жатқан істерін айтып тұратын. Жүсіпбек – әңгіме, очерк жазуда да оқшау көзге түскендердің бірі. Он саусағынан өнері тамған, домбыраның неше түрлі шешендерін жасаған, көк салылап саптамалы етік тігетін, күміспен, жезбен әшекейлеп ер-тұрман жасайтын Жүсіпбек жастарға бұл өнерлерін де көрсетіп отыратын» деп жазады Ә.Тәжібаев «Есімдегілер» деген кітабында (Алматы, «Жазушы» баспасы, 1993 жыл).

1928 жылдың 21-апрелінде педтехникум оқытушысы Жүсіпбек Аймауытұлы Оқу комиссариатының Ғылыми-әдістемелік кеңесіне өзі жасап, жүйелеген, «Ана тілі әдістемесінің қысқаша конспектісін» жолдайды. Конспектінің басындағы қысқа ғана түсініктемеде ол өз қолымен орыс тілінде былай деп жазған: «Сіздердің 11.04.28 ж. жазылған №2274 ұсыныстарыңызға орай (ГубОНО арқылы 14.04.28 ж. қолыма тиді) бір жеті уақыт ішінде маған тапсырылған «Ана тілінің оқыту әдісі» тақырыбында қысқаша конспектіні асыға жолдап отырмын. Баспасөзге лайық қолжазбамды биылғы 15-майға дейін жіберуге тырысамын. Бұл конспектіні бағыт-бағдар ретінде тануларыңызды сұраймын» [10].

Осы үзіндіден қаламгердің өзіне сеніп тапсырылған іске аса жауапты қарайтынына тағы куә боламыз. Оның ана тілі әдістемесіне арналып орысша жазылған осы конспектісіне Оқу комиссары О.Жандосов мен оның ғылыми қызметкері Т.Шонанов бірқыдыру ескертпелер келтіріп, бағдарламаға сай жазылса деген тілектерін білдіріпті [11]. Жүсекеңнің осы тақырыпқа кейін тоқталып, ерекше пікірлер келтіріп жазған «Ана тілінің оқыту әдісі» деген ғылыми-зерттеу еңбегі бұдан кейін біраз уақыт өткен соң «Жаңа мектеп» журналында жарық көреді [12].

Шымкентте де ол өзінің шығармашылық күш-қуатын толық байқатты. Мұнда оның әйгілі «Ақбілек» романы жазылды [13], [14]. Жалпы, осы 1927-28 жылдары қаламгер бұдан басқа да әлденеше көркем шығарма жазыпты.

Осы орайда біз еліміздің Орталық мемлекеттік архивінде сақталған, 81-қордың 1-тізіміндегі 1394-істен алынған құнды мәліметтерді келтірмекпіз, үйткен себебіміз, мұнда Жүсіпбек Аймауытұлының осы күнге шейін белгісіз болып келген көркем шығармалары аталады. Құжаттардан рет-ретімен осы күнге шейін белгісіз болып келген көркем шығармалары аталады. Құжаттардан рет-ретімен үзінділер алған жөн шығар. Әуелгісі: «14.04.1928 ж. №2319 қатынас қағаз. Сейфуллин жолдасқа. Сізге Аймауытовтың «Қол дорба» және «Оянған Асан» атты қолжазбаларын жолдай отырып, Ғылыми-әдістемелік кеңес (НМС) олардың балаларға жарайтындығы, қай жасқа лайық екені жөнінде жазбаша пікір беруіңізді сұрайды... Оқу комиссариатындағы НМС ғылыми қызметкері Шонанов» [15]. Сол күні дәл осындай мәтіндегі, осы мекеменің Т.Шонанұлының қолы қойылған қатынас қағазы «Ауыл тілі» газетінде істейтін Б.Майлинге де жолданыпты. Онда да Ж.Аймауытұлының балаларға арналған «Түлкі, қасқыр, түйе» және «Екі еріншек» атты қолжазбаларына жазбаша пікір білдіру сұралған [16]. Міне, осы аталған қолжазбалар жеке жинақ болып шықпаған, баспасөз бетінде жарық көрмеген және



олардың кейінгі тағдыры да жұмбақ күйде, белгісіз болып отыр. Жүсекеннің сондай шығармаларының тағы бірі «Мәскеу мен Қырымға жолаушылық» деп аталады екен.

Оны бізге көрсеткен құжаттың мазмұнын сол күйінде, түпнұсқадағы орыс тілінде оқыған дұрыс деп тауып оқушы назарына ұсынамыз: «5.05.1928г. №2119. Чимкент. Педтехникум. Тов. Аймауытову. Научно-методический совет (НМС) протоколом №9 от 4.04.28г. решил издать по плану 1928г. Вашу рукопись «Путешествие в Москву и Крым» с тем, чтобы Вы дополнили часть, описывающую Москву и по возможности сократили часть о Крыме в интересах пропорциональности части и дачи более полного представления о революционно-культурном центре – Москве. В частности у Вас отсутствует описание Музея революции в Москве, современной техники и жизни в крупных организациях и учреждениях. НМС просит переработать в указанном направлении рукопись и срочно выслать НМС для отпечатания. Председатель НМС Сайдалини, научный сотрудник Шонанов» [17].

Осы құжаттан біз жазушының тағдыры белгісіз тағы бір шығармасын білдік және оны оқи отырып, сол кезеңдегі совет цензурасының бас бұрғызбайтын қатал екенін де аңғаруға болады. Әрбір шығармаға большевиктік идеология тарапынан қарап, қатаң сүзгіге алған өкіметтің тар құрсауында отырып, бауырын жазып бір көсіліп шаба алмаған, алаңсыз отырып бір жаза алмаған қайран қаламгер...

Алаш Ордаға қатысы бар-ау деген азаматтарды көгендеп әкеткен 29-дың қызыл репрессиясына ілікпей тұрып-ақ соңғы жылдарда жазған шығармалары жоғалып кеткен Жүсіпбек Аймауытұлының ұлт руханиятына бергенінен берері көп болған қалам иесі болғанын жан-дүниеніңізбен сезесіз.

Жазушының балаларға арналған «Көк өгіз» деген кітапшасы сақталған [18]. Мұнымен бірге бір баспа табақ көлемінде «Кемпір мен шал» ертегісі 1928 жылы баспаға берілгенін, басуға рұқсат етілгенін анықтадым [19], ал енді оның кітап болып шыққан-шықпағаны белгісіз. Смағұл Садуақасовқа берген анкеталық жауабында қаламгер жоғарыда айтылған «Мәскеу мен Қырымға жолаушылық», «Көк өгіз», «Шал мен кемпір» кітаптарымен қатар «Ақбілек» романын, «Үш қыз» ертегісін, «Дәмелі» романын (аударма), «Өрбике» жинағын (К.Берковичтің 6 әңгімесі), «Бақылаушы» (Гогольдің «Ревизорынан» тәржіма) пьесасын баспаға бергенін айтады. Өкінішке қарай, бұлардың бәрі өз заманында кітап болып шықпағанын тағы бір ескерте кеткім келеді.

1928 жылдың октябрь айында Аймауытұлы педтехникумдегі оқытушылық қызметінен өз еркімен босап, сол кездегі ел астанасы Қызылордаға ауысады. Оны дәлелдейтін құжатты толық келтірген жөн деп білеміз: «Қазақ Оқу комиссариатына. Сырдария педтехникумінде қазақ тілі, қазақ әдебиеті және ГУС бағдарламасының (қазақ тілінде) оқытушысы болып соңғы уақытқа шейін Аймауытов істеп еді. Оның Қызылордаға кетуімен педтехникум оқытушысыз қалды. Ауыстыратын адам жоқ. Жағдай өте қиын. Бұл пән бойынша оқытушының жоқтығы қызыл педагогтерді даярлауда кесірін тигізбей қоймайды. Сондықтан жоғарыдағы пәндерді өзіне ала алатын қазақ мұғалімін іс-сапармен жіберулеріңізді өтініп сұраймыз. Партияға мүше болса, дұрыс болар еді. Аймақтық Оқу бөлімінің меңгерушісі Құлжанов. 31-октябрь, 1928 жыл [20]. Педтехникумнен Жүсекеннің не себепті кеткені белгісіз, десе де, осы құжаттан-ақ оның педагогика саласындағы зәру маманның бірі болғанына тағы бір көз жеткізуге болады.

#### Пайдаланылған әдебиеттер:

1. ОҚОМА. 147-к, 1-т, 1-іс, 154-п.
2. ОҚОМА 147-к, 1-т, 35-іс, 35-п.
3. ОҚОМА 147-к, 1-т, 35-іс, 36-п.
4. ҚР ОМА. 81-к, 1-т, 1406-іс, 32-п.
5. ҚР ОМА. 81-к, 1-т, 1394-іс, 54, 55-пп.
6. ҚР ОМА. 81-к, 1-т, 1394-іс, 53-п.
7. ОҚОМА 147-к, 1-т, 35-іс, 35-п.
8. ҚР ОМА. 81-к, 1-т, 1406-іс, 32-п.
9. Досжанов Д. Абакты. - Алматы.: Қазақстан, 1992, Б. 52.
10. ҚР ОМА. 81-к, 1-т, 1394-іс, 54, 55-пп.
11. ҚР ОМА. 81-к, 1-т, 1394-іс, 53-п.
12. Ана тілінің оқыту әдісі // Жаңа мектеп, 1929, № 2, Б. 11-36; 1929, №3, Б. 7-32.
13. Жанак. Ақбілек // Әйел тендігі, 1928, № 4, Б. 85-90; № 9, Б. 39-45; № 10, Б. 52-59.
14. Жүсіпбек. Мәңгіхүр Жүсіпке хат // Социалистік Қазақстан, 1990, 1-мамыр.
15. ҚР ОМА. 81-к, 1-т, 139-іс, 21-п.
16. ҚР ОМА. 81-к, 1-т, 1394-іс, 30-п.
17. ҚР ОМА. 81-к, 1-т, 1394-іс, 25-п.
18. Аймауытұлы Ж. Көк өгіз. - Қызылорда: Қазбас, 1929, 12 б.
19. ҚР ОМА. 81-к, 1-т, 1394-іс, 31-п.
20. ОҚОМА. 734-к, 2-т, 77-іс, 244-п.